

**«Күншуақ» бөбекжай»МКҚҚ
Менгеруші жанындағы кенесінің №1 хаттамасы**

Ақсукент ауылы

11.09.2023 ж

Төрайымы: Р.И.Айтжанова

Хатшысы: С.Досполова

Қатыскандар: 30 - қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, санитарлық жағдайы.
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
3. Балалардың тамактануын ұйымдастыру, үстелдерді жасау балалардың кезекшілігі, тамақ ішуді үйретуге тәрбиешілердің қатысуы.
4. Балалардың білім деңгейінің бастапқы мониторинг қорытындысы.

Тындалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша менгерушісі Р.И.Айтжанова, сөз алды. Өз сезінде балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы жайында айтып түсіндірді. Балабақша 12 топқа арналып жабдықталған. Топтарда балалардың деңсаулығы мен тәрбиесі үшін барлық жағдай жасалған. Балабақша ауласында ойын аландары жабдықталғанын айтты.

Шаруашылық менгерушісі А.Бақытханова өз сезінде арнайы асхана бөлмесі де бар, сонымен катар музыка және дене шынықтыру оқу қызметтеріне арналған зал да жасақталған. «Күрметті әріптестер, алдағы уақытта осы мүмкіндіктің бәрін пайдалана отырып, балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін бірлесіп жұмыс жасаймыз деп ойлаймын», - деп өз сезін аяқтады.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша менгерушісі Р.И.Айтжанова өз сезінде Қазақстан Республикасы Деңсаулық сактау министрі 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ- 59 бұйрығымен бекітілген

"Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларымен таныстырылған МДҰ-ға қажетті таруларына тоқталып, таныстырып кетті.

3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша бөбекжай дәм бикесі Шонмырзаева Г. өз сезінде балалардың бірінші кезекте жас ерекшелігін ескере отырып ас мәзірі әзірленіп, бекітілгенін айтты. Балабақшада балаларға 3 мезгіл (таңертен, тұс, бесін) ас әзірленетінін жеткізді. Ас мәзірінде көрсетілген тағамдарды әр топқа жеке-жеке асханадан алып кету және балаларға таратып беру уақыттарын түсіндіріп айттып берді. Сонымен катар әрбір топта тамактануды ұйымдастыру кезінде балалардың жеке бас гигиенасы мен жалпы тазалық жұмыстары міндетті түрде жүргізіліп отыруы тиіс екендігін атап айтты.

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың тамактануы сапалы да, сандық жағынан да дұрыс болуы тиіс. Баланың рационының майлармен, тұзбен және қантпен артық болуы және ондағы көкөністер мен жемістердің жеткіліксіз болуы: балалар ағзасының дистрофиялық өзгерістеріне, иммунитеттің төмендеуіне, оның өсүі мен дамуына қажетті организмдегі микроэлементтердің жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дұрыс тамактанбауы үлken жастағы кезендерде елеулі проблемаларға әкелуі мүмкін.

1. Балалардың дұрыс тамактануының бірінші және ең маңызды қағидаттарының бірі-бұл энергетикалық тенгерімділік. Кейде біз Сізбен бірге өз баланыздың барлығын тамактандыруға тырысамыз. Балаға ол алатын тағамның қолемі ғана емес, оның энергетикалық құндылығы да маңызды екенін есте сактау керек. Қазіргі уақытта ұн өнімдерінің, картоптың, қанттың көп мөлшері колданылады, сол арқылы балалар ағзасын тенгерімсіздікке әкеледі: бала жұмсауга қарағанда көп

тұтынады. Мұның бәрі семіздікке және басқа да ауыр ауруларға әкелуі мүмкін. Фастфуд "сэн" (майларга бай) және компьютер алдындағы балалардың аз қозғалатын бейнесін ескере отырып, артық салмақ деңгейі тез өсуде. Сақ болыңыз! Көмірсулар мен майларды артық тұтыну зат алмасуының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Тамақтанудың тенгерімділігі ағзаның энерготраттарын толығымен жабатын өнімдерді тұтынудың онтайлы арақатынасын білдіреді. Мысалы, 1-7 жастагы балалардағы энерготраттар 1 кг дene салмағына 80-100 ккал құрайды. Ағзадағы қоректік заттардың келуі ағза оларды тікелей тағамнан алып, арнайы тағамдық қоспалар мен ішектің көмегімен өндейді немесе өзі синтездейді. Сондықтан барлық тағамдық заттар ағзада синтезделмейтіндіктен Ұсынылатын өнім жиынтығын білу өте маңызды.

Баланы дұрыс тамақтандыру және аққазан-ішек жолы қызметіндегі барлық ауытқуларды түзету маңызды.

2. Баланың рационын жасау кезінде тағамдардың әртүрлілігі және аспаздық өндеудің әртүрлілігі маңызды болып табылады. Бұл бала барлық макро және микронутриенттерді (ақуыздар, майлар, көмірсулар, витаминдер, минералды заттар) алуы үшін қажет. Ақуыздар, өйткені олар барлық органдар мен ұлпалар үшін құрылымы материалы болып табылады. Оларды ет, балық, сүт өнімдері, жұмыртқа және т.б. сияқты өнімдерден алуға болады, балалар ағзасына жануар және өсімдік текстес ақуыздар (амин қышқылдарын алу үшін) түсін керек. Балалардың белсенді қозғалысы үшін көп күш қажет. Негізгі энергия жеткізуі көмірсулар (қант, бал, жидектер, көкөністер, жарма, ұн) болып табылады. Көмірсулар, мысалы, ақуыздар мен майлардан артық болуы керек. Майлар-қаймақ, ірімшік, ет, балық алуға болатын қосымша энергия депосы.

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануының маңызды шарты тамақтану тәртібін сақтау болып табылады. Бұл бір күн ішінде калориялығы бойынша тамақтың сандық және сапалы бөлінуі ғана емес, сондай-ақ тамақтардың саны мен олардың арасындағы интервалдар да. Балада тамақтану режимінің болмауы және оның тұраксыз болуы бірінші кезекте ағзаның күйзелісіне және әртүрлі ауруларға әкелуі мүмкін. Сол себепті ұрлағын ойлайтын әр бір ата – ана балаларын бала бақшага тәрбиесіне беруі қажет.

МАД, ересек, орта тәрбиешілері үстелдерді жасау балалардың кезекшілік жұмыстарын ұйымдастырады. Бұл жұмыстар балалардың үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелейді. Кезекшілік, тамақтану барысында тәрбиеші балалардың әрбір іс қимылын бақылайды. Тамақтану барысында балаланың өзін – өзі ұстаяу, тамақтануы (асты сораптамай ішу, нанды ұсатпау, төкпей-шашпай т.б.), қасықты дұрыс ұстаяу, орындықта тұзу отыру т.б іс –әрекеттері назардан тыс қалмауы қажет»

4. Күн тәртібіндегі келесі мәселесі бойыша бөбекжай әдіскеірі Арыстанбаева Б сөз алып, балалардың білім деңгейінің бастапқы мониторинг қорытындысын айта кетті.

Қаулы етеді:

1. Балабақша мүлкіне жауапкершілікпен қарау барлық қызметкерлерге жүктелсін.
2. Баланың денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін тамақтандыруды ұйымдастырудың барлық ережелерін орындау тәрбиешілерге тапсырылсын.
3. Талапка сай жұмыс жасау барлық педагогтарға жүктелсін.

Төрайымы:
Хатшысы:



Р.И.Айтжанова

«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы» МКҚК
Менгеруші жанындағы кеңесінің №2 хаттамасы

Аксукент ауылы

11.10.2023 ж

Төрайымы: Р.И.Айтжанова

Хатшысы: С.Досполова

Қатысқандар: 30 - қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!» тіл апталығы, «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасына талдау жасау, бекіту
3. Баланың өмірі мен күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру.
4. Бөбекжайда еңбек тәртібінің сақталуын қадағалау.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды.

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы, балабақша мүлкіне жауапкершілікпен қарапжұмыс жалғасуда. Баланың денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін тамақтандыруды ұйымдастырудың барлық ережелері сақталуда.

Бөбекжай менгерушісі Р.И.Айтжанова сөз сөйледі. Бөбекжай мүлкі, балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі жайлы сөз қозгады. «Бөбекжайда білім мен тәрбие берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асыратын ең басты тұлға педагог болса қазіргі таңда педагогтарға қойылатын талаптар өте жоғары. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бөбекжай қызметкерлерінің құзіреттілігінде екенін ұмытпай тәрбиеші және тәрбиеші көмекшілері өз дәрежесінде жұмыс атқаруда. Балабақша мүлкіне жауапкершілікпен қарау барлық қызметкерлер жауапты екенін естерінізге саламын. Әр бір затты ұқыпты, күтіп, таза пайдалануларыңызды және естерінізге саламын» - деп сөзін аяқтады.

2. **Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әдіскер Арыстанбаева Б** «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!» тіл апталығы өткендігі айтылды. Сонымен катар Сайрам ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазақшаң қалай балақай?» байқауына бөбекжайдан әдіскердің жетекшілігімен тәрбиеленуші Абдухаликов Абдумалик қатысқандығы айтылды. Осы тақырыпта бөбекжайдың қазақ тілі мұғалімі А. Азимбаева «Ақ шағала», «Ақ сұңқар» МАД орыс топ тәрбиеленушілерімен жарыс ұйымдастырды. Тәрбиеленушілер бір – бірімен жарыса берілген тапсырмаларды орындағандары жайлы сөз болды.

Әрбір топ тәрбиешілері топтарының жас ерекшеліктеріне қарай «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасына талдау жасап, бекітуге ұсынылды.

3. **Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әдіскер Арыстанбаева Б** Күн тәртібі - бұл күнделікті күндізгі нақты баланың оянуы мен үйқысының

кезектесуін, сондай-ақ әр түрлі әрекеттерді ұтымды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жоспар. Баланың жас ерекшелігіне, мумкіндіктеріне сәйкес дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі – бала денсаулығын нығайтады, еңбекке қабілеттілігін, әр түрлі іс-әрекеттерді сәтті орындауды қамтамасыз етеді, шаршаудан сақтайды. Біздің жұмысымыз бұлдіршіндердің күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып, денсаулықтары мен қауіпсіздігін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеу.

4. Бөбекжайда еңбек тәртібі сақталып, әрбір қызметкер берілген жұмыстарын тиянақты, жауапкершілікпен атқарылсын.

Қаулы етеді:

1. «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасына талдау жасалынып, бекітілсін
2. Баланың өмірі мен күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, қадағалансын
3. Бөбекжайда еңбек тәртібі сақталсын.

Төрайымы:
Хатшысы:



Р.И.Айтжанова
Досполова С.

**«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы» МКҚК
Менгеруші жанындағы кеңесінің №3 хаттамасы**

Ақсукент ауылы

01.12.2023 ж

Төрайымы: Р.И.Айтжанова

Хатшысы: С.Досполова

Катысқандар: 30 - қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешіміннің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік - Тірегім» мерекесін ұйымдастыру.
3. «Жаңа жыл» мерекесіне арналған ертеңгіліктің бағдарламасына талдау жасап, бекіту.
4. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

1. Откен кеңес шешіміннің орындалуы. «Алтын күз» мерекесі өз дәрежесінде ұйымдастырылып, қызықты өтті. Баланың өмірі мен күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, қадағалануда. Бөбекжайда еңбек тәртібі сакталуда.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Р.И.Айтжанова сөз алды. Барлық топтарда бекітілген кестеге сәйкес, тәрбиелеушілердің жас ерекшелігіне қарай «Алтын күз» мерекесінің талапқа сай ұйымдастырылып откізілді. Барлық балалар мереке көтерінкі көңіл күймен қатысты. Әндер айтылды, билер биледі, тақпактар айтылды. Сонымен қатар барлық ата – аналар «Күз кереметі» тақырыбындағы күз көрмесіне бір кісідей ат салысқан.

Ұйымшылдықпен қатысқан ата – аналарға мереке соында алғыс хаттармен марапатталды. Балаларының ұжымдық өмірге бейімделіп, көпшілік ортада өздерін еркін ұстап, аналарын көрген балалар жыламай өнерлерін көрсетіп жүргенін көрген ата – аналар бөбекжай ұжымына ризашылықтарын айтып жатты.

Баланың өмірі мен күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру жұмыстары жолға қойылған. Жас ерекшелігіне, баланың бөбекжайға бейімделуіне қарай жұмыстар жалғасын тапсын. Сонымен ата – аналармен де тығыз байланыста, өз дәрежесінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Бөбекжайда еңбек тәртібі сакталған. Ешбір қызметкерден теріс мінез- құлық пен іс – әрекет байқалмады. Алдағы уақытта да еңбек тәртібін сақтап жұмысымызды жалғастырайық.

2. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б.О.Арыстанбаева сөз алды. «Тәуелсіздік - Тірегім» мерекесін ұйымдастыру МАД топтарында саз жетекшілері Халикулова Ф, Мадалиева Л мен қазақ тілі мұғалімі Азимбаева А. жүктелді. Орта, кіші топ тәрбиешілері тақырыптық ұйымдастырылған іс – әрекет шарасы ретінде өткізсін. Мереке мақсаты ұрпағымызға тәуелсіздік мағынасын ұғындыру. Патриоттық сезімдерін ояту, тұған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, елін, жерін суюге, Отанын қастерлеуге, еліміздің рәміздерін

кастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Тілге құрмет сезімін ояту. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту. Елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

3. «Жаңа жыл» мерекесіне арналған ертеңгіліктің бағдарламасы топтардың жас ерекшелігін ескере отырып жасалуын айта кетті. Бағдарлама талданып уақытылы бекітілсін деді.

Қаулы етеді:

1. «Тәуелсіздік - Тірегім», «Жаңа жыл» мерекесін өткізу бағдарламасына талдау жасалынып, бекітілсін. Ұйымшылдықпен өткізілсін.

Төрайымы:

Хатшысы:



R.I. Айтжанова
Досполова С.

**«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы» МҚҚҚ
Менгеруші жанындағы кеңесінің №4 хаттамасы**

Аксукент ауылы

09.02.2024 ж

Төрайымы: Р.И.Айтжанова

Хатшысы: С.Досполова

Катысқандар: 30 - қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешімінің орындалуы.
2. Тәлімгерлер мектебінің жұмыс барысы.
3. «Аналар күні», «Ұлыстың ұлы күні - әз Наурыз» бағдарламасын бекіту.
4. Барлық ертеңгіліктер мен сауықтыру іс-шараларының бағдарламаларын талдау, бекіту.
5. «Тәрбие көзі – салт дәстүр»
Әртүрлі мәселелер
6. Аралық мониторинг қорытындысы

Тындалды:

1. «Тәуелсіздік - Тірегім», «Жаңа жыл» мерекесін өткізу бағдарламасына талдау жасалынып, ұйымшылдықпен өткізілді.
2. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Арыстанбаева Б.О сөз алды. Бөбекжай жас маманы Г.К.Норматоваға тәлімгер Юсвалиева жұмыс жоспары бойынша, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырылған іс - әрекеттіне арналған әдістемелік кітаптары дайындалап көрме ұйымдастырылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларына бастапқы, аралық мониторинг жасауды үретті.

Тәрбиелеу циклограммасын жоспарлап, балалардың күні бойғы іс - әрекеттерін тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру тәслін де менгеруде..

Жас маман тәрбиешілер жұмыстарына қажетті ақпараттарды шығармашыл ұстаздардың ҰІӘ-не қатысып білімдерін шындауда.

3. Саз жетекшілері Мадалиева Л, Халикулова Ф «Аналар күні», «Ұлыстың ұлы күні - әз Наурыз» бағдарламасымен таныстырып, талдап, бекітуге ұсынды. Бағдарлама топтың жас ерекшелігіне қарай әндер, билер мен ойындар таңдалып құрылған. Әр бағдарламаның куанышты сәттері де ерекше ұйымдастырылған. Балалардың да киер киімдері де ата – аналармен бірлесіп таңдалуда. Алдағы мерекелер куанышты, сәтті, ұйымшылдықпен өтеді деп ойлаймын.

5. «Тәрбие көзі – салт дәстүр»

Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт- дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, билетін және үйренген ақпараттарын өзара үштастырып, салт- дәстүрлерді күрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Болашақта білімді, саналы өз ұлтының мәдениетін жетік менгерген ұлттық нақышта тәрбиеленген қазақ деген атымызды тарихта қалдыратын білімді азаматтар тәрбиелеу жолын көрсетіп, ашып отыр. Өздеріңіз ойланыздаршы өзіміздің тамаша мәдениетіміз(әніміз, жырымыз, күйіміз) бен тарихымызды, тілімізді арқалап жүрмесек ұлы елдердің қатарынан қалай және немізben көрінбекпіз. Болашақ ұрпақтың кілті өз қолдарыңызда құрметті тәрбиешілер. Атам қазақ намысын қолдан бермеген, осынау кең байтақ даламызбен мәдениетімізді мұра етіп, қан мен тер төгіп еңбекпен бизге жеткізді Енді осы асыл мұраларымызды қөзіміздің қараашығында, елу ел қатарынан қалмай, асыл мұрамызды ұрпақтарымызға жетізейік.

Өзіміздің қазақ халқының да сан алуан салт-дәстүрі бар. Халқымыздың салт-дәстүрлері қай халыққа болса да үлгі боларлық. Салт-әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі. Қазақтың бірнеше салт-дәстүрі мен ғұрыптарын атап өтсек.

Салт

1. Шілдехана(салт). жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той.
2. Кіндік кесер(салт). Нәreste туған сәтте оның кіндігін әйелдер(кіндік шешесі) дайын тұрады. Кіндік кесу-мәртебелі, абырайлы іс.
3. Бесікке салу(салт). Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мұлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.
4. Қырқынан шығару(салт). Баланың туғанына қырық күн толған соң оныңдықса қырық қасық су құйып шомылдырады. ол сәбидің жан-жүйесінің қалыптасып дәні сау болып өсуіне деген ақ тілекten шыққан.
5. Тұсау кесер(салт). Сәби қаз тұрганнан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып.

Ғұрып— қазақтың өмір салты, өрен салты қолдану мен дәріптеуді ғұрып дейміз. Қазақ халқында қалыптасқан бірнеше ғұрыптар:

- 1) Ат қою(ғұрып). Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған. Сонымен бірге бала есімін беделді кіслерге қойғызып батасын алған.
 - 2) Айдар(ғұрып). Балалардың тәбе шашын ұзартып өсіріп қояды. Бұл ғұрып, ер балаға жасалады. Сәбилерге шаш орнына кекіл, тұлым да қойылады.
 - 3) Кекіл (ғұрып). Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды дамаңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістепқиып қояды. Оны «кекіл» дейді.
- Дәстүр-халықтың** атадан балаға көшіп, жалғасын және дамыпотыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-санаса, әдет-ғұрып, мінез-құлыш, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттеркөрінісі. Қазақтың бірнеше дәстүрлерін атап өтсек.
- 1) Тыштырма(дәстүр) Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктенқұрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тыштыма, тыштыма» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. Тыштырманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.
 - 2) Базарлық(дәстүр)-алыс сапарга шыққан адамдардың жақындарына (жерлес, көрші-көлем, жас балалар, сыйлас адамдарына) әкелгенсійлығы.
 - 3) Байғазы(дәстүр)-балалардың жастардың жаңа киім үшін берілетін ақшалай, заттай сый.
 - 4) Тілашар(дәстүр). Баласы 7 жасқа толған соң балаға жаңа киім кигізіп, оку жабдықтарын дайындалап, шағын той өткізеді. Мұны «тілашар» тойы деп атайды.

Әр бір салт – дәстүр бала тәрбиесі үшін маңызды роль атқарады.

7. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әдіскер Б.О.Арыстанбаева аралық мониторинг корытындысына тоқталды.

Әр бір тәрбиеші балалардың ынтасына, қызығушылығына, сұранысына қарай бала үнін тындай отырып жұмыс жасаудың айтады.

Шешім:

1. Тәлімгерлер жас маманмен жұмысы жүргізілсін.
2. «Аналар күні», «Ұлыстың ұлы күні - әз Наурыз» бағдарламасы бекітіліп, ұйымшылдықпен ұйымдастырылсын.

Төрайымы:



R.I.Айтжанова

Хатшысы:

Досполова С.

Мектепке деңгін і үйнам болыптың әдиссерлік жиғаты
Әдиссерлін аты-жөні _ Арыстанбекова Б. О

МДУ аттыбы _ "Күншук" бейекжайты - бакалавры" Н
ілі _ Аксусент Ж.Жолы 128
Оқагы түрі _ Казакша, орысша

Көсемшина 2

Жас ерекшелік тоттары	Физикалық касиеттердің демалыту			Коммуникативтік дандылардың демалыту			Танымалық және зиятерлік дандылардың демалыту			Бағдарларлық пығармашылық дандылардың жағындастыру			Өлеуметтік-эмоционалдық дандылардың жағындастыру			
	олардың шының жогары денгей	олардың шының орташа төмөн денгей	олардың шының жогары денгей	олардың шының орташа төмөн денгей	олардың шының жогары денгей	олардың шының орташа төмөн денгей	олардың шының жогары денгей	олардың шының орташа төмөн денгей	олардың шының жогары денгей	олардың шының орташа төмөн денгей	олардың шының жогары денгей	олардың шының орташа төмөн денгей	олардың шының жогары денгей	олардың шының орташа төмөн денгей		
Ерге жас тобы	39	19	16	4	22	12	5	19	12	8	21	14	4	21	14	4
Кіши топ	69	45	18	6	42	19	8	42	18	9	43	19	7	40	20	9
Органды топ	75	51	20	4	43	24	8	41	24	10	43	23	9	39	24	12
Ересек топ	55	42	10	3	37	14	4	36	16	3	39	14	2	38	13	4
Мектепталы топы	2.38	1.57	64	17	144	69	25	138	70	30	146	70	22	138	71	29
Барлығы	100	66	27	7	61	29	11	58	29	13	61	29	9	58	30	12
%																

Р.И.Айтжанова

Мендерум:



БАРЛЫҚЫ

0

#ДЕЛЮ!

5

13